

Бекітілді
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті» КЕАҚ Директорлар
кеңесінің шешімі
Хаттама №10, 12.09.2025 жыл

КеАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің»
Басқарма Төрағасы – ректордың және Басқармасы мүшелерінің
еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары туралы
ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2025 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Басқарма Төрағасы – Ректоры мен Басқарма мүшелерінің еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 шілдедегі № 326 бұйрығына сәйкес әзірленді. Аталған бұйрық «Мемлекетке тиесілі акциялардың бақылау пакеттері бар ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарының үлгілік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде қабылданған.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) еңбекақы төлеу қоры – осы Ережеге және кәсіпорынмен жасалған еңбекақы төлеу және материалдық ынталандыру жүйесіне сәйкес кәсіпорынның жұмыскерлеріне еңбекақы төлеуге арналған ақша қаражаттары.

2) еңбекақы төлеу – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ жұмыс берушінің келісімдері, еңбек, ұжымдық шарттары, актілері мен осы Ережеге сәйкес, жұмыскерге оның еңбегі үшін міндетті төлем жасауды жұмыс берушімен қамтамасыз етуге қатысты қарым-қатанастар жүйесі.

3) қызметтік жалақы - жұмыскердің біліктілігін, атқаратын жұмысының күрделілігін, көлемін, сапасы мен шарттарын ескере отырып, еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін жұмыскердің айлық еңбекақысының белгіленген мөлшері.

4) жылдық сыйақы – ұйымның басшы қызметкерлеріне жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері үшін жұмыс нәтижелеріне қарай, қол жеткізген табыстарын материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында жылына бір рет төленетін сыйақы. Жылдық сыйақы тұрақты сипатта болмайды.

5) басшы қызметкерлер – КеАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Жарғысының 16 бөлім 71 тармақ 9 тармақшасында көрсетілген лауазымдарды атқаратын жұмыскерлер.

3. Университеттің басшы қызметкерлеріне жатады:

1) Басқарма Төрағасы - Ректор;

2) Атқарушы орган (басқарма) мүшелері;

4. Университеттің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру ағымды қаржылық жылға университеттің бюджетінде еңбекақы төлеуге қаралған қаражат есебінен жүргізіледі.

5. Ұйымның басшы қызметкерінің қызметтік айлық жалақы мөлшері, жылдық сыйақы алу құқығы Қазақстан Республикасы заңнамалығы бекіткен тәртіпте жасалған еңбек шартымен анықталады.

2. Еңбекақы төлеу қорын және басшы қызметкерлерге еңбекақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын белгілеу

6. Университеттің еңбекақы төлеу қоры университеттің кірістерінен қалыптасады (стипендия қосылмайды).

7. Университеттің басшы қызметкерлерінің айлық қызметтік жалақысының мөлшері атқаратын жұмысының күрделілігіне, өндіріс (бизнес) ерекшелігі мен ауқымына және оған қатысты тәуекелдерге, еңбектің салалық ерекшеліктеріне, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ұйымның рөлі мен орнына қарай, Қазақстан Республикасы заңнамалығында белгіленген базалық қызметтік жалақы мөлшерінде анықталады және Директорлар кеңесімен белгіленеді.

Кәсіпорынның басшы қызметкерлерінің еңбекақыларын төлеу келесі мөлшерлерде жүргізіледі:

Басқарма Төрағасы – Ректор	Басқарма Мүшесі (Академиялық мәселелер жөніндегі проректор)	Басқарма Мүшелері	Басқарма Мүшелері (шетелдік білім беру ұйымдарында оқуды аяқтаған жағдайда)
85 БЛЖ дейін	63 БЛЖ	57 БЛЖ	57 БЛЖ

8. Төраға мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысына дипломы болған жағдайда келесі мөлшерде қосымша ақы белгіленеді: (PhD) философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесі үшін, республикалық бюджет туралы заңмен бекітіліп, сәйкес қаржылық жылдың 1 қаңтарына дейін әрекет ететін 17-есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы заңмен бекітіліп, сәйкес қаржылық жылдың 1 қаңтарына дейін әрекет 17-есе есептік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ғылым докторына 34-есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

Ғылыми дәрежесі бар қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы үшін қосымша ақы: ғылым кандидаты; Философия ғылымдарының докторы (PhD); бейіні бойынша доктор дәрежесі үшін 25-есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, Ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар доцент (доцент) ғылыми атағы үшін 42-есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы, ғылыми дәрежесі бар профессордың ғылыми атағы: бейіні бойынша философия докторы (PhD) докторы; PhD, ғылым докторы; 50-есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

9. Төрағаның және Басқарма мүшелерінің қызметтік жалақыларына белгіленген қызметтік жалақының үстіне, экологиялық қасірет аймағында тұруы салдарынан, Қазақстан Республикасының «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңында көзделген экологиялық дағдарыс аймағында

экологиялық қолайсыз жағдайдарда тұрғандығы үшін коэффициент қолданылады.

10. Университеттің өндірістік тиімділігін арттыру және жұмыс сапасын жақсарту мақсатында, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша қол жеткізілген нәтижелерге байланысты, басшылық қызметкерлердің ынталандыруын күшейту үшін жылдық сыйақы төленеді. Жылдық сыйақы тұрақты сипатқа ие емес.

11. Жылдық сыйақы мөлшері университеттің әрбір басшы қызметкерінің жұмысын бағалауға дербес ұстаным негізінде анықталады және олардың даму жоспарларын орындауларының сапалық және сандық көрсеткіштеріне байланысты болады.

12. Басшы қызметкерлерге жылдық сыйақы қаржылық жылдың нәтижелері бойынша аудиттелген қаржылық есептілік негізінде университеттің қаржы – шаруашылық жұмыстарының нәтижелерін бекітілген тәртіпте бекіткеннен кейін төленеді.

14. Басшы қызметкердің орташа жалақысын есептеп шығару, жылдық сыйақыны есепке алмай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

15. Басшы қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру жүйесін белгілеу кезінде университеттің Директорлар кеңесі осы Ережені және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 шілдедегі № 326 бұйрығын басшылыққа алады. Аталған бұйрық «Мемлекетке тиесілі акциялардың бақылау пакеттері бар ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарының үлгілік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде қабылданған.

3. Материалдық көмек беру шарттары

16. Басшы қызметкерге материалдық көмек беру, тиісті қаражат болған кезде (бірақ екі айлық қызметтік жалақыдан аспай), материалдық ауыр жағдайына байланысты мына жағдайда жүргізіле алады:

1) отбасы мүшелерінің қайтыс болуы (жұбайы, баласы, асырап алған балалары).

17. Басшы қызметкер қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне екі айлық қызметтік жалақысы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

18. Басшы қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кезеңінде еңбек демалысына сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді. Жәрдемақы мөлшері бір айлық лауазымдық жалақы көлемінде белгіленеді. Егер басшы қызметкер жартылай жұмыс жүктемесімен (0,5 ставка) жұмыс істейтін болса, сауықтыруға арналған жәрдемақы тиісті түрде, яғни 0,5 лауазымдық жалақы мөлшерінде төленеді.

19. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы №1468 «Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды

әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес, қолданыстағы төлемдерге қосымша ретінде, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде басшы қызметкерге сауықтыруға арналған материалдық көмек көрсетіледі. Бұл көмек бір айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде төленеді. Егер басшы қызметкер 0,5 ставкада жұмыс істейтін болса, материалдық көмек 0,5 лауазымдық жалақы мөлшерінде төленеді.

21. Басқарма Төрағасы – Ректорға материалдық көмек беру және жәрдемақы төлеу ҚР ҒЖБ бұйрығымен жүргізіледі. Проректорларға және Басқарма мүшелеріне – Басқарма Төрағасы – университет Ректорының бұйрығымен.

4. Қорытынды ережелер

22. Осы Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалығы және (немесе) Қоғам Жарғысы өзгеруі нәтижесінде Ереженің кейбір нормалары оған қарама-қайшылыққа түссе, Ереженің осы нормалары күшін жояды, және Ережеге өзгерту енгізілгенге дейін Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және (немесе) Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

Осы Ереже келесі құрамдағы жұмыстық топпен әзірленді:

Экономика және қаржы
департаментінің директоры

Н.Ж. Уразбаев

Құқықтық қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасының
басшысы

С.М. Ильясова

Экономика және жоспарлау бөлімінің
басшысы

А.Ш. Шыңғысбаев

Келісілді:
Бас есепші

Н.К.Рабатова

Адами ресурстарды басқару
басқармасының басшысы

М.Б. Жолаева